

**"Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері" туралы
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1111
қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 24 желтоқсандағы № 872 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 581 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.08.2022 № 581 қаулысымен.
РҚАО-ның ескертпесі!**

Қолданысқа енгізілу тәртібін 2 және 3-тармақтан қараңыз.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1111 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2004 ж., № 40, 522-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі туралы ережеде:

"1. Жалпы ережелер" деген тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі білім, ғылым және балалардың құқықтарын қорғау салаларында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.";

13-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.";

"2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері" деген тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тaraу. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері";

16-тармақта:

орталық аппараттың функцияларында:

мынадай мазмұндағы 2-1) және 2-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"2-1) білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын әзірлеу және бекіту;

2-2) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдары үшін жалпы білім беру пәндері циклінің үлгілік оқу бағдарламаларын әзірлеу және бекіту;";

7), 8) және 9) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"7) білім беру, сондай-ақ ғылыми қызмет саласында шетелдік әріптермен келіссөздер жүргізу және өз құзыреті шегінде халықаралық шарттар (келісімдер) мен бағдарламаларға қол қою; білім беру үйымдары жүзеге асыратын халықаралық ынтымақтастықты үйымдастыру қағидаларын белгілеу және осы жұмысты үйлестіру;

8) аккредиттеу органдарына, оның ішінде шетелдік аккредиттеу органдарына қойылатын талаптарды және оларды танудың тәртібін белгілеу және танылған аккредиттеу органдарының, аккредиттелген білім беру үйымдары мен білім беру бағдарламаларының тізілімін қалыптастыру;

9) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейлерін, сондай-ақ медициналық және фармацевтикалық оқу орындарының үлгілік оқу бағдарламалары мен үлгілік оқу жоспарларын қоспағанда, білім беру деңгейлерінің үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларын әзірлеу және бекіту;";

мынадай мазмұндағы 9-1) және 9-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"9-1) бас бостандығынан айыруға сотталғандардың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім алуын үйимдастыру қағидаларын қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті органмен келісу;

9-2) "Өзін-өзі тану" адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасын бекіту;";

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"12) білім беру саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру, салааралық үйлестіруді жүзеге асыру, білім беру және ғылым саласындағы халықаралық бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру;";

13) тармақша алып тасталсын;

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"14) білім беруді дамытудың жай-күйі туралы жыл сайынғы ұлттық баяндаманы әзірлеу және жариялау арқылы қоғам мен мемлекетті білім беру жүйесінің жай-күйі және оның қызметінің тиімділігі туралы нақты ақпаратпен қамтамасыз ету;";

мынадай мазмұндағы 14-1) және 14-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"14-1) білім беруді басқару жүйесінің білім беру мониторингін және оны ақпараттық қамтамасыз етуді жүзеге асыру, білім берудің бірыңғай ақпараттық жүйесін ұйымдастыру және оның жұмыс істеу ережелерін бекіту;

14-2) білім беру бағдарламалары бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына білім алушыларды қабылдау қорытындылары бойынша мониторинг жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;";

16) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"16) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына окуға қабылдаудың ұлгілік қағидаларын әзірлеу және бекіту;";

мынадай мазмұндағы 16-1) тармақшамен толықтырылсын:

"16-1) тиісті ұлгілердегі білім беру ұйымдары қызметінің ұлгілік қағидаларын әзірлеу және бекіту;";

17) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"17) мұдделі орталық атқарушы органдармен, жұмыс берушілермен және басқа да әлеуметтік әріптерден өзара іс-қимыл жасай отырып, кәсіптер мен мамандықтардың тізбелерін қалыптастыру және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыйнаптауышын бекіту;";

мынадай мазмұндағы 17-1) тармақшамен толықтырылсын:

"17-1) мұдделі орталық атқарушы органдармен, жұмыс берушілермен және басқа да әлеуметтік әріптерден өзара іс-қимыл жасай отырып, кадрларды даярлау бағыттарының сыйнаптауышын әзірлеу және бекіту";

21), 22), 23) және 24) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"21) мектепке дейінгі ұйымдар, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсетудің ұлгілік шарттының, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы өткізуге арналған ұлгілік шарттың және дуальды оқыту туралы ұлгілік шарттың нысандарын әзірлеу және бекіту;

22) оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысқа басшылықты жүзеге асыру және оны жүргізуді үйлестіру, мәдениет саласындағы білім беру

ұйымдарын қоспағанда, білім беру үйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты үйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын, оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін үйымдастыру қағидаларын бекіту және қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін үйымдастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

23) Қазақстан Республикасының жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарының даярлық бөлімдерінің қызметін үйымдастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

24) оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеу, оларға сараптама, сынақ өткізу және мониторинг жүргізу, оларды басып шығару жөніндегі жұмысты үйымдастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту әрі осы жұмысты үйымдастыру;";

мынадай мазмұндағы 25-1) тармақшамен толықтырылсын:

"25-1) мектепке дейінгі, орта білім беру үйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету бойынша жұмысты үйлестіру;";

30) және 31) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"30) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарының педагог жұмыскерлері мен оларға теңестірілген адамдарын қоспағанда, педагог жұмыскерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының ұлгілік біліктілік сипаттамаларын әзірлеу және бекіту;

31) мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарының басшыларын конкурстық орналасу қағидаларын әзірлеу және бекіту;";

32), 36) және 38) тармақшалар алып тасталсын;

39) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"39) еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарының даярлық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;";

мынадай мазмұндағы 39-2) және 39-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"39-2) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын үйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушылар үшін өтемақылар төлеу арқылы қысқы және жазғы каникул кезеңінде қалааралық теміржол және автомобиль (таксиден басқа) көлігінде жеңілдікпен жол жүруді қамтамасыз ету қағидаларын әзірлеу және бекіту;

39-3) студенттерді, магистранттар мен докторанттарды жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырысты орналастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;";

40) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"40) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бөлуді бекіту;";

мынадай мазмұндағы 40-1), 40-2) және 40-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"40-1) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастыру және бөлу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

40-2) студенттерді, магистранттар мен докторанттарды жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырысты бекіту және орналастыру ;

40-3) студенттерді, магистранттар мен докторанттарды жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырыстың мөлшерін айқындау әдістемесін әзірлеу және бекіту;";

41) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"41) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу үлгілік қағидаларын әзірлеу және бекіту;";

42) тармақша алып тасталсын;

43) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"43) білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың бланкілеріне тапсырыс беруді үйымдастыру, оларды сактау, есепке алу мен беру және олармен негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарын, ведомствоның бағынысты білім беру үйымдарын қамтамасыз ету жөніндегі қағидаларды әзірлеу және бекіту, олардың пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыру;";

мынадай мазмұндағы 44-1) тармақшамен толықтырылсын:

"44-1) бастауыш білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдары үшін әрбір пән бойынша бірыңғай базалық оқулықты айқындау және бекіту;";

46), 47), 48) және 49) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"46) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарын қоспағанда, білім алушыларды білім беру үйымдарының типтері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларын өзірлеу және бекіту;

47) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында білім алушыларға академиялық демалыстар беру қағидаларын өзірлеу және бекіту;

48) білім беру жүйесін басқару органдарын ақпараттық қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

49) бірыңғай ақпараттық білім беру жүйесін үйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларын өзірлеуді үйымдастыру және бекіту;" ;

мынадай мазмұндағы 56-1) тармақшамен толықтырылсын:

"56-1) біліктілікті арттырудың ваучерлік-модульдік жүйесінің әдістемесін өзірлеуді үйымдастыру және бекіту;" ;

60) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"60) диссертациялық кеңес туралы ұлгілік ережені бекіту;" ;

мынадай мазмұндағы 60-1) тармақшамен толықтырылсын:

"60-1) дәрежелер беру тәртібін бекіту;" ;

61) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"61) ғылыми атақтар (қауымдастырылған профессор (доцент), профессор) беру тәртібін бекіту;" ;

61-5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"61-5) сыныптауышқа сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім үшін оқыту мерзімдері және білім беру деңгейлері бойынша кәсіптер мен мамандықтардың тізбесін өзірлеу және бекіту, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышын бекіту;" ;

61-17) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"61-17) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдары үшін кәсіптік практиканы үйымдастыру мен өткізу қағидаларын және практика базалары ретінде кәсіпорындарды (үйымдарды) айқындау қағидаларын өзірлеу және бекіту;" ;

61-19) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"61-19) білім беру үйымдарының жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидаларын өзірлеу және бекіту;" ;

мынадай мазмұндағы 61-21), 61-22), 61-23), 61-24), 61-25) 61-26), 61-27), 61-

28) және 61-29) тармақшалармен толықтырылсын:

"61-21) экстернат нысанында оқытуға жол берілмейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының тізбесін бекіту;" ;

61-22) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымының даму бағдарламасының құрылымын және оны әзірлеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

61-23) стипендиялық бағдарламаларға қатысу үшін үміткерлерді іріктеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

61-24) жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру іске асырылатын білім беру үйымдарының типтері мен түрлерінің тізбесін бекіту;

61-25) мемлекеттік мекеме үйымдық-құқықтық нысанында құрылған орта білім беру үйымдарын шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын үйымдық-құқықтық нысанына қайта үйымдастыру үшін өлшемшарттарды әзірлеу және бекіту;

61-26) республикалық орта білім беру үйымдарындағы мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту;

61-27) сырттай және кешкі оқу нысандарында білім алуға жол берілмейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің тізбесін бекіту;

61-28) формальды емес білім беретін, танылған үйымдардың тізбесіне енгізілген үйымдар беретін формальды емес білім арқылы ересектер алған оқу нәтижелерін тану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

61-29) формальды емес білім беретін үйымдарды тану қағидаларын әзірлеу, бекіту және формальды емес білім беретін, танылған үйымдардың тізбесін қалыптастыру";;

мынадай мазмұндағы 69-1) тармақшамен толықтырылсын:

"69-1) мемлекеттік білім беру тапсырысына байланысты көрсетілетін қызметтер тізбесін қалыптастыру және бекіту";;

95) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"95) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларын әзірлеуді үйымдастыру және бекіту";

98) және 99) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"98) қағидаларын денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган әзірлейтін және бекітетін денсаулық сақтау саласындағы, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды нысаналы даярлауды қоспағанда, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарында философия (PhD) докторларын нысаналы даярлау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

99) мемлекеттік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарының ректорларын тағайындау қағидаларын әзірлеу және бекіту";

100) тармақша алып тасталсын;

106) және 107) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"106) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесін әзірлеуді ұйымдастыру және бекіту;

107) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің республикалық оқу-әдістемелік кеңесін және кадрларды даярлау бағыттары бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктер құру және олардың қызметтері туралы ережені бекіту;";

мынадай мазмұндағы 107-1) тармақшамен толықтырылсын:

"107-1) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің республикалық оқу-әдістемелік кеңесін, бейіндер бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің оқу-әдістемелік бірлестіктерін құру және олардың қызметі туралы ережелерді бекіту;";

124) тармақша алып тасталсын;

129) және 129-1) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"129) орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етүмен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

129-1) орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді, тауарларды, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етүмен байланысты тауарларды жосықсыз берушілердің тізбесін қалыптастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;";

135) және 136) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"135) "Орта білім беретін үздік ұйым", "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін үздік ұйым" гранттарының мөлшерін және оларды беру тәртібін белгілей отырып, осы гранттарды беруге арналған конкурстарды еткізу қағидаларын бекіту;

136) білім беру жинақтау салымы туралы үлгілік шартты әзірлеу және бекіту;";

ведомстволардың функцияларында:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) занды тұлғаларға мыналарды:

бастауыш білім;

негізгі орта білім;

жалпы орта білім;

біліктіліктер бойынша, әскери, арнаулы оқу орындары үшін мамандықтардың топтары бойынша техникалық және кәсіптік білім;

біліктіліктер бойынша, әскери, арнаулы оқу орындары үшін мамандықтардың топтары бойынша орта білімнен кейінгі білім;

кадрларды даярлау бағыттары бойынша жоғары білім;

кадрларды даярлау бағыттары бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім;

діни білім беру үшін білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру;";

2) тармақшада:

бесінші абзац алып тасталсын;

алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"әскери, арнаулы оқу орындарында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асырып жатқан білім беру үйымдарын мемлекеттік аттестаттауды жүргізу;";

мынадай мазмұндағы 50-2) тармақшамен толықтырылсын:

"50-2) девиантты мінез-құлықты балаларға арналған және ерекше режимде ұстайтын арнайы білім беру үйымдарының қызметін бақылауды жүзеге асыру;";

"3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қызметін үйымдастыру" деген тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қызметін үйымдастыру";

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.";

"4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мүлкі" деген тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мүлкі";

"5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігін қайта үйымдастыру және тарату" деген тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-тарау. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігін қайта үйымдастыру және тарату".

2. Осы қаулы 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін осы қаулының 1-тармағының бір жүз отыз бірінші абзацын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Осы қаулының 1-тармағының тоқсаныншы абзацының қолданысы 2019 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұрған кезенде осы абац мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"61-21) экстернат және сырттай оқу нысандарында оқытуға жол берілмейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының тізбесін бекіту;".

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сагынтаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК